

2 ТАҚЫРЫП. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі

Мемлекеттің қаржылық қызметі мемлекеттің біртұтас әзінің немесе оның уәкілетті мемлекеттік органдарының Қазақстан Республикасының қаржылық құрылысын ұйымдастыру және оның тұрақтылығын, тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету оның тұрақтылығын, тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қоғамдық мемлекеттік мүдделердің әлеуметтік экономикалық және саяси әкімшілік басымдықтарын айқындау, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды атқаруға қажетті ақшалай қорларды қалыптастыру бөлу және оларды пайдалануды ұйымдастыру елдің қаржы жүйесін халықаралық қаржы жүйесіне интеграциялау жөніндегі және т.б. қимылдары мен қызметін қамтиды. Мемлекеттің қаржылық қызметінің басты мақсатына қоғамның әлеуметтік экономикалық инфрақұрылымдарының тиесінше жұмыс істеулері үшін ыңғайлы жағдай жасау оның ішінде қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды, ауыл-селонның өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарын дамыту сондай-ақ Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жөніндегі қаржылық экономикалық дайындық іс-шараларын аяқтау жатады.

Мемлекеттің қаржылық қызметі:

1. Қазақстан Республикасының инвестициялық қаржылық кешенін дамытуға, қаржы рыногын және ақша жүйесін ұйымдастыруға, оның ішінде ұлттық валюталық жүйені жетілдіруге және қоғамның ақшалай инфрақұрылымның тиесінше жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасауға;

2. Мемлекеттік билік және басқару органдарының, құқық қорғау органдарының, оның ішінде қаржылық құқықтық тәртіпті қорғау органдарының жұмыстары мен қызметінің тиесінше іске асырылуына сондай-ақ отанды қорғау ісі мен елдің қауіпсіздігін және экономикалық егемендігін қамтамасыз етуге қажетті мемлекеттің қаржылық экономикалық әлеуетін күшейтуге;

3. Мемлекеттің қаржылық ресурстарын қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары мен қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ нарықтық қатынастардың және әркениетті қаржы рыногының дамуына ықпалын тигізуге пайдалану тәрізді негізгі міндеттерді шешуге бағдарланып нысаланған.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің негізгі бағыттары:

- мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыру;
- мемлекеттің қаржылық ресурстарын бөлу;
- мемлекеттің қаржылық ресурстарын пайдалануды ұйымдастыру;
- мемлекеттік қаржылық жоспарлауды жүзеге асыру;
- мемлекеттің ақша қаражаттары қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру барысында мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру;

- мемлекеттің мамандандырылған қаржылық кредиттік және фискалдық органдарын қалыптастыру;

- қаржылық заңнаманың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің бұзылғаны үшін заңи жауапкершілік белгілеу;
- Қазақстанның Халықаралық Валюталық Қор құзырындағы қаржылық-экономикалық позициясын нығайту;

- Қаржылық әкілеттіктер пен қаржылық ресурстарды орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының арасында бөлу жөніндегі жұмыстарды одан әрі жалғастыру;

- Қазақстанның халықаралық қаржы жүйесіне интеграциялануын жалғастыру;

- Қазақстан аумағындағы валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасындағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- Мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- әкімшілік аумақтық бірліктердің қаржылық экономикалық дербестіктерін және жауапкершіліктерін күшейту;

- Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жөніндегі қаржылық экономикалық және т.б. дайындық іс шараларын аяқтау;

- Ауыл-селоның әндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарын

тиісті деңгейде дамытуға қажетті мемлекеттік қаржылық инвестициялық және кредиттік көмектер көрсету барысында жарқын көрініс табады.

Мемлекеттің қаржылық қызметі:

- қоғамдық мемлекеттік қажеттіліктер мен мүделердің басымдығы;

- қоғамның бақылауында болу және қоғамға есеп беріп отыру;

- заңдық және жариялылық;

- мемлекеттің қаржылық ресурстарын пайдалану кезіндегі үнемділік;

- стратегиялық экономикалық қаржылық мақсаттар мен макроэкономикалық даму көрсеткіштерін есепке алу;

- орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарының қаржылық құзыретін бөлу әрі олардың аражігін ажырату;

- кәзделген экономикалық қаржылық мақсаттарды іске асыру жолдары мен тәсілдерін ғылыми негіздеу;

- жоспарлылық және нормативтілік.

- Тиімділік және айқындылық.

Қаржы жүйесінің әрі Қазақстандағы бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты және т.б. қаржылық құқық нормаларында бекітілген принциптерге негізделіне отырып жүзеге асырылады.

Өз аяларына орай мемлекеттің қаржылық

қызметінің:

- бюджеттік қызмет

- мемлекеттік валюталық қаржылық қызмет

- мемлекеттік қаржылық банктік қызмет

- мемлекеттік кредиттік қаржылық қызмет

- мемлекеттік қаржылық сақтандыру қызметі;

- мемлекеттік қаржылық шаруашылық қызметі

- салықтық қызмет

- Мемлекеттік инвестициялық қызмет

- Мемлекеттік қаржылық жоспарлау;

- Мемлекеттік қаржылық бақылау сияқты түлері болады.
Қазақстан Республикасының қаржылық құрылысы Ауқымындағы мемлекеттің қаржылық қызметі мемлекеттік ақшалай қорларды қалыптастыру мемлекеттік ақшалай қорларды бөлу және ақшалай қорларды пайдалануды ұйымдастыру тәрізді негізгі үш әдіс арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ақшалай қорларды қалыптастыру әдістеріне:

- ақша қаражаттарын олардың иелерінен мәжбүрлі әрі қайтарымсыз түрде алып қою;
- ақша қаражаттарын олардың иелерінен мәжбүрлі бірақ қайтарымды түрде алып қою;
- ақша қаражаттарын және қайтарымсыз түрде тарту;
- Ақша қаражаттарын ерікті және қайтарымды түрде тарту
- Мемлекеттік қызмет кәрсету негізінде ақша қаражаттарын тарту;
- Мемлекеттік мүлікті сатудан және пайдаланудан түскен ақша қаражаттарын мемлекет кірісіне айналдыру.
- Ақша және мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы жатады. Мемлекеттік ақшалай қорларды бөлу әдістері;

Мемлекеттің ақша қаражаттарын бюджеттен біржола қайтарымсыз әрі ақысыз түрде беру арқылы қаржыландыру. Мемлекеттің ақша қаражаттарын қайтарымды әрі ақылы негізде және белгілі мерзімге уақытша пайдалануға кредит ретінде беру. Мемлекеттің өз кредиторлары алдындағы қаржылық міндеттемесін орындауы жолымен іске асырылады.

Мемлекеттік ақшалай қорларды пайдалануды ұйымдастыру. Ақшалай қорларды пайдалану басымдығын және бағыттарын белгілеу. Мемлекеттің ақшаай қорларынан алынған ақша қаражаттарын пайдалану тәртібін белгілеу. Мемлекеттің ақша қаражаттарын пайдалануды жоспарлау. Мемлекеттің ақша қаражаттарын берудің қаржылық нормативтерін және шекті мөлшерін белгілеу. Мемлекеттік кәсіпорындардың пайдаларын бөлуінің нормативтерін және тәртібін белгілеу.

Ақшалай қорларды пайдалану процесіне мемлекеттік бақылау жүргізу сияқты қаржылық әдістер арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің аясы қаржылық құқықтың ауқымы болғандықтан уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті ақшалай қорларды қалыптастыру бөлу және оларды пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі

қызметі әрқашанда қаржылық құқықтық нормалардың негізінде тек құқықтық нысанда жүзеге асырылады. Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық нысандары ретінде қаржылық қызметтің жалпы және арнаулы мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаған нормативтік қаржылық құқықтық актілері кәрініс табады.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық негіздерін Қазақстан

Республикасы Конституциясының тиісті ережелері мен қаржылық заңнамаық актілері құрайды. Қаржылық заңнамалық актілері арнаулы және

жалпы болып бөлінеді. Арнаулы қаржылық заңнамаға нормативтік қаржылық құқықтық актілері ал жалпы қаржылық заңнамаға мемлекеттің

қаржылық қызметін белгілі бір көлемде реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінің нормалары жатады.

Қаржылық құқықтық актілері өздерінің заңи мән-жайларына байланысты нормативтік және жекелей қаржылық құқықтық актілер болып бөлінеді. Сонымен қатар, қаржылық құқықтық актілердің бір түріне жоспарлы қаржылық актілер жатады. Осындай актілер бір мезгілде нормативтік және жекелей сипатта болады. Әдетте оларды аралас қаржылық құқықтық актілер деп те атайды.

Сонымен мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық нысандарына:

1. нормативтік сипаттағы біржақты қызметінің құқықтық нысандарына;
2. заңға тәуелді жекелей қаржылық құқықтық актілер шығару.
3. екі жақты қаржылық құқықтық актілерді жасасу.
4. мемлекеттің нақты қаржылық құқықтық қатынастың субъектісі

ретінде өзіне тиесілі құқықтары мен міндеттерін өз уәкілетті органы арқылы іске асыруы жатады.

Бүгінде, Қазақстан Республикасындағы тиісті қаржылық қызметі жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасы Парламенті

Тиісті әкімшілік аумақтық құрылыстардың Мәслихаттары Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасының Экономикалық сауда және даму министрлігі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары

Тиісті әкімшілік аумақтық құрылыстардың Әкімдіктері

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан
Республикасының Даму банкі

Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасы
Агенттігі иерархияны сақтай отырып әздеріне тиесілі орындарға ие болған.